



Айдос ЖАҚЫПБЕК,
«Талдықорған қаласының
тұрғын үй қатынастары бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
басшысы:

**«ТҰРҒЫН ҮЙ
КЕЗЕГІНДЕ
ТҰРҒАНДАРДЫҢ
ҚҰҚЫҒЫ ТЕН»**

5-бет



**САЛЫҚ
ДАУЛАРЫНДА
МЕДИАЦИЯНЫ
ҚОЛДАНУ
ТИІМДІ**

6-бет



**«ҚОРҚАҚТЫҢ»
АЖАЛЫ**

8-бет

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazel@mail.ru

№96 (3627) 22 желтоқсан 2023

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Досмұхамет НҰР-АХМЕТ,
қоғам қайраткері:

**«ИДЕОЛОГИЯ
ЖОҚ ЖЕРДЕ
САЯСИ ҮҚПАЛ
ДА ЖОҚ»**

BUPINGININ BAS TAKYRYBYS

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ САЛА



Әділет министрлігіне жүктелген бағыттың бірі зияткерлік меншік құқығын сақтау және қорғаумен байланысты. Зияткерлік меншік мемлекеттің экономикалық дамуына серпін беретін маңызды сала. Содан болар Мемлекет басшысы «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауында жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселесіне ерекше назар аударды. Ал креативті экономиканы ілгерілету, зияткерлік меншікті құқықтық тәсілдермен қорғау арнағы заңсыз жүзеге аспайды.

(Соны 3-бетте)

– Азаматтық қоғамның белсенділігін саяси партиялардың жұмысымен өлшеуге бола ма?

– Болмайды. Себебі, бүкіл деңе-бітіміздің белсенділігін он екі мүшениңдің бір-ақ белігімен, мысалы, саясаттың ызызын белсенділігін ғана қалай өлшейсіз? Сондықтан, азаматтық қоғамның белсенділігі – жай «Тұрғыннан» «Азамат» дәрежесіне дейін көтеріле алған және сол арқылы «Азаматтық қоғамды» құрып жатқан барлық жандардың саны мен санасы арқылы өлшеннеді.

– Қазақстанда 2022 жылға дейін 7 жыл бойы бірде-бір саяси партия тіркелген жоқ. Парламент сайлауды қарсаңда бір емес, екі бірдей жаңа партияның өмірге келуін. Президент қызметімен байланыстыру қашалытын әділетті?

– Егер әділеттілік тұрғысынан қарар болсак, саяси партиялардың «саяси өмірге келуі», әлде «комада жатуы» немесе «саяси өмірден өтүй», тіпті Президент өзінің халықта жасайтын қызметтінің дәрежесі де – жоғарыда айтылған Азаматтық қоғамның бар-жоғына, болған кезде, қандай дәрежеде екеніне тікелей байланысты. «Жыламаған балаға емшек бермейді» – дейді фой халқымыз... Ұмытпасам, сол «Парламент сайлауының» өзі де болмай тұрып, бір жылаған дауыс естілген сияқты болып еді...

– Дамыған елдерде атқарушы және заң шығарушы билік органдарының кейір шешімдері мен қабылдаған заңнамалық құжаттарына азаматтық қоғам өкілдері өз қарсылығын білдіріп, түрлі шерулер үйімдастырып жатады. Біздең ахуалға қандай баға бересіз?

– Егер адам ағзасының бір жерінде күрделі мәселе шықса, сол жер ауырып, міға хабар береді емес пе? Қоғам да адам ағзасы сияқты, тірі организм болғандықтан, азаматтық қоғам өкілдері, бұл шерулер арқылы өздерінің иші мен мойнындағы «ен жоғары» органдарына «қоғамға ауру (қатер) келді» деген хабар жолдайды.

(Соны 4-бетте)

ПӘРМЕН

ДЕКЛАРАЦИЯНЫ УАҚЫТЫНДА ТАПСЫРМАҒАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Салықты сауатты жинау қай елде де маңызды. Тәуекелі жоғары бағастамаларды бастап жатқан біздер үшін осы істе тиянақтылық керек. Бір жағадан бас, бір жеңінен қол шыгаратын тұста көлеңкеде шекесі шылқып, май шелпекке бөгіп жатқан тұлғаларды ел өміріне қосу бүтінгі міндет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендегі, көлеңкелі экономиканың көлемін азайту бағытында халықтың кірісі мен мұлкіне қатысты жалпыға бірдей декларация жариялау өз жемісін беріп жатыр. Жалпыға бірдей декларациялауға көшү көлеңкелі экономика және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі құралы.

Естеріңіздегі болса, Салық кодексінің 45-1-бабының негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың 4 кезеңі енгізілді. Был, міне, жоспар бойынша 3-кезеңге аяқ баспақызы. III кезең – 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Алдағы жылдан бастап заңды тұлғалардың басшылары, құрылтай-

шылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары декларация тапсыруды бастайды. Бұл ретте Мемлекеттік кірістер комитеттінің өкілі қазақстанның тағарға декларацияға қалай дайындалу көрктігі жайлы айтып етті.

«Декларацияға есепті толтырmas бұрын 31 желтоқсанға дейін тиісті құжаттарды дайындау керек. Сіздің мүлкініздің тіркеу деңгектерін тексеріп, 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оны бағалау қажет. Сондай-ақ несиелік шарттарды куәландыру маңызды. Нотариустармен кеңесе отырып 34,5 млн теңgeden (10 мың АЕК) асатын қаражатты

банк шоттарына орналастыру керек», – деді Нұржан Қуандыков.

Азаматтар Қазақстандағы активтер мен міндеттемелердің бар-жоғын арнағы веб-сайттардан тексеріл алады. Декларацияны e-Salyq Azamat мобилді қосымшасы, «Салық төлеуши шоты», «Электрондық қиміт», екінші деңгейлі банктердің мобилді қосымшалары арқылы үсынуға болады. Құжат тапсырудың соңғы мерзімі – 2024 жылдың 15 қыркүйегі. Сол уақытқа дейін қағаз және электронды тұрда декларацияны тұрғылықты жерінде бойынша тапсырасыз.

Декларацияны уақытында тапсырмаган жағдайда айыппұл салынатынын ескеру керек. Егер жеке тұлға декларация үсынбаған болса, бірінші рет ескерту беріледі. Егер бұл зан бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, 15 АЕК (51,7 мың тенге) көлемінде айыппұл салынады. Декларацияда толық емес немесе жалған-

мәліметтерді жыл ішінде алғаш рет үсынғаны үшін тек ескерту жасалады, ал қайталап бұзғаны үшін 3 АЕК (10,3 мың тенге) көлемінде айыппұл салынады. Алғаш рет салық салу объектілерін жасырғаны үшін – төленебеген салық сомасының 200% мөлшерінде айыппұл салынады. Егер бір жыл ішінде дәл осындай бұзушылық қайталанса, бұл көрсеткіш 300%-ға дейін артады. Бұл кірістер комитетті өкілінің мәлімдемесі. Сонымен қатар, Қуандыков декларацияны мүлкіті жария ету ретінде қарастыруға болмайтынан атап етті. «Кіріс декларациясын тапсырғандардың барлығы 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстандағы, шетелдегі бар мұлкін толық көрсетеді. Егер актив құндығы болса, онда бағалау жүргізіл, барлық құжаттарды ретке көлтіру керек.

(Соны 3-бетте)

— Айдос Молдашұлы, тұрғын үйді жекешелендіргүе қатысты мәселелер аз емес. Олар қалай реттептік жатыр?

— «Талдықорған қаласының тұрғын үй қатынастары» ММ-сі құрылғанда дейін «Талдықорған қаласының тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық бөлімі» ММ-нің құрамындағы тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық мекемесі отырды. 2022 жылдың алтыншы айында секторды бөліп, бізді жұмыс істейтін тұрғын үй инспекциясының құрамына қости. Сол кезден бастап біздің алдымызда жекешелендіру проблемасы тұрды. Ен алдымен анықтаптадын жайт — көптеген жалдау көлісімшарттарды мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерінің жалдау (қосыма шалдау) шарттарын есепке алу жөніндегі базаға енгізілген екен. Соның салдарынан бізде екі проблема туындаған.

Айдос ЖАҚЫПБЕК,

«Талдықорған қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы:

«ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТЕН»

Біріншісі — көптеген азаматқа мемлекеттің жалға алып тұрған пәтеріне төлеген төлемі үшін «қарызы жоқ» деген анықтаманы шығарып, шарттарды есепке алу жөніндегі база арқылы көру болды. Екінші проблема — кала бюджетіне түсім ете аз түсті. Өйткені, көлісімшарттар болған күннің өзінде, есепке алу жөніндегі базаға тіркелмеген. Ол дегеніміз, көлісімшартта ай сайның төлемесін көрсетілмегендіктен, кара жат жергілікти бюджетке түспестін. Сондықтан біз зерделеу жұмыстарын жүргізіп, мұрағаттық материалдарды көтеріп, 2000-нан астам көлісімшартты базаға енгіздік. Нәтижесінде бүгінгі күні қала бюджетіне осы жалға алған пәтерлерге төленетін түсінің көміндегі 30 пайыздан астамы түсіп, қала бюджетінің көлемі көбейе бастады. Бұл біздің бір жұмысымыздың нәтижесі. Көлісімшартты есепке алу жөніндегі үйінде отырып-ақ компьютерінен өздері шығарып алатын болды.

— Пәтерді жекешелендіруде неге басымдық беріледі?

— Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіруді КР Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысына сәйкес жүргізілді. Онда тұрғындар пәтерін толыққанды жекешелендіруге ариналған қафидат бар. Қафидатта көрсетілген барлық құжаттарды жинақтап, біздің мекемемізге тапсырып соң, тұрғын үй комиссиясының қаруауына кіргізілді. Сонын ер азamat жекешелендіруді жұмысын жалғастыра береді. Осы тұста айта кетер жайт, жеті-сегіз жылдан бері тұрғын үйін жекешелендіре алмай жүрген азаматтардың бүгінде Конституциялық құқығы корғалып, жекешелендірудің басталды. Жекешелендірудің өзіндік артықшылығы бар. Біріншіден, адамдар тұрғын үйін жекешелендіріп, өзінін жеке меншігіне еткізеді. Ері караға өз ынғайына қарай сата ма, сыйға бере ме, одан ері тұра бере ме — өздері біледі. Екіншіден, бюджетке түсім түседі. Өйткені, тұрғындар үйін қалдық құнымен сатып алады. Жекешелендіруді қафидатының 7-тармағында көрсетілген азаматтардың үйін тегін жекешелендірге мүмкіндігі бар. Ал осы жетінши бапта көрсетілген азаматтардың барлығы қалдық құнымен үйлерін сатып алады.

— Осыған дейін пайдала-нылған жалдау көлісімшартына қатысты түсінбеушілік аз болған жоқ. Бұл мәселе қалай шешілуде?

— Рас, 2012 жылы Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікти атқаруышы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қафидатарын бекітіп тұралы КР Үкіметінің №1420 қафидатына сүйенген мамандардың бұрыннан қалыптастып қалған көлісімшарттарды жасай берген. Ол жерде жалға алынған үйге ақы төлеу тарауы қосылмаған. Бұл өз кезегінде көптеген проблема тұдырылды. Сондықтан осы проблеманы шешу үшін біз тұрғын үйді беру қафидатының бірінші тарауына қаша ақы төлеу көректігін қостиқ. Сол қаражат көп азаматтардың көлісімшарттарын талапқа сәйкестендіргүе негіз болды. Соған сүйене отырып көлісімшарттарды есепке алу жөніндегі базаға енгізіп

жатырмыз. Бұл үлкен ауқымды жұмыс.

— Ал, мұрағат мәселесі қалай реттептік жатыр?

— Бұған дейін Талдықорған қаласы Абай қошесі №241 ғимаратында бізben бірге тұрғын үй инспекциясы, тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық мекемесі отырды. Үш мекемеге сан тұрлі мәселемен келетін тұрғындардың әкпе-назы көп болды. Өйткені, келген шаруаларын шеше алмай тұрғын үй кезегін біле алмай, пәтерлерін жекешелендіре алмай жүрді. Ел ізденген құжаттарын таба алмайды. Кім қашан кезеке тұрғанын анықтап алмады.

Сосын Талдықорған қаласы әкімі мекемемізге «Болашақ» шағын ауданындағы 16 қабатты үйдін 1-қабатынан кенсе берді. Осы кенсеге көшкен кезде тұрғын үй ком-

тынан, Семей по-лигонынан зардал шеккен азаматтардың құқығын және жетім бала-лардың құқығын қорғайтын қоғамдық белсенділер, әр топтарға жа-татын мүгедектер құқығын қорғайтындар, әкімдік тарапынан бөлім басшыларын, жур-налистерді қосып комиссия құрамын жаңартып, жұмысын жандандыры-дық. Қазір тұрғын үй комиссиясы атласына екі рет бас қосып, жұмыс істейді. Және ашықтық болуы үшін жұмысымызды тікелей эфирде атласына сақтап қоямыз.



Бізде әлеуметтік осал топтың ішіне кіретін тағы 11 түрлі категория шілдік категория бар. Ол зейнеткерлер, ауған соғысының ардагерлері, Чернобыль аптынан, Семей полигонынан зардал шеккендер, қандас азаматтар, I-II топтағы мүгедектер, министрлікпен бекітілген кейір қын аурулармен ауыратын азаматтар, мүгедек балалардың асыртыны отбасылар, толық емес отбасылар, т.б әлеуметтік осал топқа жатады.

Сөз реті келгенде айта кетейін, «Тұрғын үй қатынастары тұра-лы» заңда «ешкім ешкімні алдына түспейді, барлығының құқығы тен» деп жазылған. Яғни, кезекте тұрған азаматтардың құқығы тен деп сана-лады. Үй тек қана кезекпен беріледі. Соны азаматтарға Республикалық «ЗАҢ газеті» арқылы жеткізіміз келеді.

— Бүгінгі күннің мәселесі тұрғын үй кезегінің өзгеруі болып тұр?

— Біз тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық мекемесінен бір құрамда болған кезде, мамандар белгісін себеппен 19 түрлі категориямен жұмыс жүргізген. Әлеуметтік жағынан осал топта жатын азаматтардың сана-тын болек-болек шығарып тастаған. Сол 19 түрлі категория заңға қайшы келіп тұр. Өйткені, пропорциянады методикамен санаған кезде азаматтарға үй әділестісін болған. Сол ушін салалық тексеру жүргізіліп, прокуратура органдары сол категорияларды заңға сәйкестендіріп, б категорияға түсірген болатын. Қысқартқанда ешкімді кезектен ысырып тастаған жоқ. Бірақ азаматтардың тұрғын үй кезегінде өзгеріп кетті. Көптеген азаматтар кезегінде кеше фана 300-ші еді, бүгін 2500-ші болып қалыптын деп наразылық танытты. Бул өзгерістер жоғарыда айтқанымда 19 түрлі категорияның 6 категорияга азайтуы салдарынан туындан отыр. 2019 жылға дейінгі қағаз жүзіндегі құжаттар, әкімдік, сервистік, бағдарламалық заңдылық толық қамтылмаған, интеграцияланбаған базалар болған. 2022 жылдың басында «кезекте-кезек» деген мемлекеттік бағдарлама аясында ипотекалық несие беруді жүзеге асырудамыз. Бірінші траншқа 400 млн теңге болінген болатын. Бағдарлама талабына сәйкес біздің мекемеге құжаттарын өткізген 35 жасқа толмаған 40 азаматқа тұрғын үй комиссиясы үйғарымымен «Отбасы банкі» арқылы 10 млн теңgedен берілуде. Сөйтіп жеткізулық жастар 5%-бен 20 жылға несие алып баспаңын болуда. Одан белек қаламыза жаңа 8-9-ықшам аудандар бой көтеріп көле жатқанын ел көріп отыр. 5, 7, 9, 16 қабатқа дейінгі тұрғын үйлер салынуда. «Болашақ» ықшам ауданы мен Білім инновациялық лицейінің арасында үлкен аудан бой көтерді. Осы жерде де біздің 5 үйімін толықтай аяқталған болатын. Қазір 509 пәтерді «Отбасы банкі» арқылы «Нұрлы Жер» және «Бақытты отбасы» бағдарламасымен ипотекалық несиеңе конкурс негізінде сатымыз. Осы 509 пәтердеге «Баспа-на маркет» сайты арқылы 960-тан астам етіншін түсті. Төлем қабілеті тексеруден еткінен әріп етінім несие 5 пайызбен 20 жылға пәтер құнының 10% алғашқы жарнасын төлеп, ипотекалық несиеңе ие болады.

— Талдықорған қаласында жастардың тұрғын үй алу мүмкіндігі қандай?

— «Тұрғын үй қатынастары тұра-лы» заңының 10-2-бабының 1-тармак-шасында жазылғандай, тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып, іске асыратын құзыретті мекеме болған соң, бізге тұрлі тапсыра түседі. Қазір «Жетісу жастары» деген мемлекеттік бағдарлама аясында ипотекалық несие беруді жүзеге асырудамыз. Бірінші траншқа 400 млн теңге болінген болатын. Бағдарлама талабына сәйкес біздің мекемеге құжаттарын өткізген 35 жасқа толмаған 40 азаматқа тұрғын үй комиссиясы үйғарымымен «Отбасы банкі» арқылы 10 млн теңgedен берілуде. Сөйтіп жеткізулық жастар 5%-бен 20 жылға несие алып баспаңын болуда. Одан белек қаламыза жаңа 8-9-ықшам аудандар бой көтеріп көле жатқанын ел көріп отыр. 5, 7, 9, 16 қабатқа дейінгі тұрғын үйлер салынуда. «Болашақ» ықшам ауданы мен Білім инновациялық лицейінің арасында үлкен аудан бой көтерді. Осы жерде де біздің 5 үйімін толықтай аяқталған болатын. Қазір 509 пәтерді «Отбасы банкі» арқылы «Нұрлы Жер» және «Бақытты отбасы» бағдарламасымен ипотекалық несиеңе конкурс негізінде сатымыз. Осы 509 пәтердеге «Баспа-на маркет» сайты арқылы 960-тан астам етіншін түсті. Төлем қабілеті тексеруден еткінен әріп етінім несие 5 пайызбен 20 жылға пәтер құнының 10% алғашқы жарнасын төлеп, ипотекалық несиеңе ие болады. Енді төлем қабілеті тексеруден еткінен әріп етінім несие 5 пайызбен 20 жылға пәтер құнының 10% алғашқы жарнасын төлеп, ипотекалық несиеңе ие болады.

— Бұл бағдарламадан тыс қандай жекелідіктер жасалуда?

— Мемлекет тарапынан бізге биыл 194 млн теңге тұрғын үй сертификатына қайтарылымыз ақса болінді. Сондай-ақ, тұрғын үй сертификатынан білек 30 млн теңге қайтарылымыз асерштік болінді. Енді тапсырыс берген әріп азаматтың төлем қабілеті тексеруден еткінен әріп етінім несие 5 пайызбен 20 жылға пәтер құнының 10% алғашқы жарнасын төлеп, ипотекалық несиеңе ие болады. Енді төлем қабілеті тексеруден еткінен әріп етінім несие 5 пайызбен 20 жылға пәтер құнының 10% алғашқы жарнасын төлеп, ипотекалық несиеңе ие болады.

— Жеңілдік берілтін алты са-нatty тарқатып айтып берсөзі?

— Бірінші санатымыз «Тұрғын үй қатынастары тұра-лы» заңының 74-бабында оңай көрсетілген. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, одан кейін жалғыз үй апарттық жағдайда қалған азаматтар деген санатта 6 адам кезекте тұр. Ушінші жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығының қалып қалған балалар деген санатта. Штатымызда қозғалыс 1300 астам азаматтар. Тертінші мемлекеттік қызмет пен бюджеттік қызметкерлер санатында 6900 жұық азамат кезекте тұр қазір. Бесінші көп балалы аналар санатында «Алтын алақа», «Күміс алақа», «Ана даңқы» ордендерімен маралатталған 1600-ден астам ана кезекте тұр. Алтыншы санатымызыда әлеуметтік осал топқа жататын 7000-ға жуық азаматтар.

— Салиқалы сұхбатыңызға рақамет! Баспаңын болсам деген тұрғындарды қуанта беріңіздер!

**Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«ЗАҢ газеті»**

МИНБЕР

Судья – мәртебелі мамандық. Сондықтан да судья болуды армандастын, сол жолда талмай ізденетін жандар баршылық. Мәртебелі мамандықты таңдағандар судьялық қызметтің жауаптылығын терең сезінүй тиіс. Судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың, күшегіндеу де сондықтан.

СУДЬЯ - МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Бұгінде судьяларды іріктеу, сүдьялаузының бекіту, екіліттің тоқтату, қызметтегі судьялардың біліктілігін көтеру мәселесімен Жоғары Сот Кеңесі айналысады. Сонымен бірге, сот қадрларын дайындаумен түбектегі айналысын келе жаткан Сот төрелігі академиясын алдағына уақытта Жоғары Соттың құзырынан алып, Жоғары Сот Кеңесінің құзырына беру үсініліп отыр. Мұның бәрі сот корпусын сапалы қадрлармен қамтамасыз ету, сот беделін көтеру, сот құрылымына деген азаматтар сенімін нығайтудың көздөн отыр.

Жақсылықта ұмытланған, мәртебелі мамандық иесі болуды армандаған дұрыс. Бірақ, адам тағдырына төрелік ету, біреудің іс-әрекетін бағалау қашан да оңай болмады. Осы ретте судья болудың жауаптылығын туралы айтпай кетуге болмайды. Судья болуды жоспарлаған кез келген адам ауыр енбекке, жоғары жұктемеге және тұрақтың күйзеліске дайын болуы керек. Өйткені, бұл жұмыстың артында үлкен жауапкершілік бар және ең алдымен бұл ете жоғары психоэмоционалды жұктеме. Ең алдымен, сот саласының басты тұлғасы болуды қалған адам тәуілдің 24 сағатында қызметте екенін, халықтың назарында тұратының ұмытлауы керек. Өйткені, судьяның барлық жұмысы ғана емес, қызметтегі тың көзделі. Судья қарастынан, ол қылымын жасаған адамға өз эмоциянын көрсетпеу, тараптарға бейтараптың танытуы тиіс. Судья тараптардың көңіл-күйінің жетегінде кетпеуі, ішкі толқынысын білдірмей шарт. Сот алаңында қаралатын істердің үлкен-кішісі, ұсақ-түйегі болмайды. Себебі, онда адам тағдыры талқыға түседі. Судья қарастынан ер іс өзінше күрдели. Бірақ, жұктеменің көптігі, отбасындағы қын жағдай, мазалап тұрған сырқат – судьяның сот залындағы қымыл-әрекетіне де, шығаратын шешіміне де әсер етпеу керек.

**Е.МАЙШИНОВ,
Алматы қаласы қылымыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы**

МЕЖЕ

Мемлекеттік қызмет үшін беделдің, яғни имидждің маңызы зор. Ол халықтың сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметке, мемлекет жүргізіп жатқан өзгерістердің тиімділігіне берген бағасының критерийі. Бұдан бөлек ол мемлекеттік органдар әрекетінің нақты әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның талабына сәйкестік дәрежесін белгіледі. Сондықтан бедел азаматтардың мемлекеттік органдарға қатысты мінезд-құлқын едауір негіздей отырып, қоғамның мемлекеттік қызметті және оны реформалау бағдарламасын қолдана деңгейін анықтайды.

МЕМЛЕКЕТТИК ҚЫЗМЕТШІ - ХАЛЫҚ АЙНАСЫ



Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметшінің оң беделін қалыптастыру аталған әлеуметтік институттың тиімді қызмет етуінін, сондай-ақ, мемлекеттік орган қызметі мен мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін артырудың негізгі шарты болып табылады. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қаражат қорынан қаржыландырылады, мемлекеттік қызметшілердің енбекақысы мен іссапар шығыны бюджет есебінен өтепеді және қажет болған жағдайда арнағы баспаанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген екіліттіліктиң атқаруға қажетті арнаулы керек-жарапен жабдықталады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі болады. Қызмет мерзімі үшінде мемлекеттік қызметшілерге өз екіліттілігін жүзеге асыруға керекті міндеттер мен арнағы құқықтардан бөлек, әлеуметтік

**Г.РАЗАКОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының
бас маманы**

ДЕНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



БИЗНЕС ӘКІЛДЕРІНІҢ МУДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ

Қызылорда облыстық сотының үйімдестірүүмен бизнес әкілдеріне қатысты қылымыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру мәселелерді талқылау мақсатында дөңгелек үстел откізілді.

Оған облыстық соттың қылымыстық істер жөніндегі сот алқасының терағасы, судьялары, қылымыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру мәселелерді талқылау мақсатында дөңгелек үстел откізілді.

Судья болған жан әділ төреліктің фана кепілі емес, қоғамдағы тәртілтің, қауіпсіздіктең айнасы екенін де үмітпауы керек. Халық әрбір судьядан биік адамгершілік, мінсіз келбет көргісі келетіндіктен, қызылар жасаған болмашы қателіктің өзі көшілік арасында үлкен талқыға айналады. Сондықтан, судьялардың Әдеп кодексінде көрсетілгендей, әрбір қазы көркем мінезімен, кестелі сөзімен, парасат пайымымен өзгелерге үлгі болуға, сот беделіне нұқсан көлтептін іс-әрекеттерден, күмәнді байланыстарадан бойын аулақ ұстауға міндетті.

Судья әр істі қарастын кезде жүргінен әткізіл барып шешім қабылдайды. Соған қарамастан, ол қылымы жасаған адамға өз эмоциянын көрсетпеу, тараптарға бейтараптың танытуы тиіс. Судья тараптардың көңіл-күйінің жетегінде кетпеуі, ішкі толқынысын білдірмей шарт. Сот алаңында қаралатын істердің үлкен-кішісі, ұсақ-түйегі болмайды. Себебі, онда адам тағдыры талқыға түседі. Судья қарастынан ер іс өзінше күрдели. Бірақ, жұктеменің көптігі, отбасындағы қын жағдай, мазалап тұрған сырқат – судьяның сот залындағы қымыл-әрекетіне де, шығаратын шешіміне де әсер етпеу керек.

Ең бастысы, судьяның сыйни тұрғыдан ойлау дағдысы жоғары болуы қажет. Қазының іс жүргізу барысында жеке болжамдарына сүйенүіне жол берілмейді. Мұнда фактілердің дұрыс өлшемі білу, заңды қолдана білу және тез шешім қабылдау маңызды. Ері көптің қолы жете бермейтін, зангерлік мамандықтың шыңы саналатын судьялық қызметтің беделіне нұқсан көлтірмей, халықтың сеніміне селкей түсірмей әрқайсымыздың парызымыз.

АТА ЗАҢЫМЫЗДА ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН САЛЫҚТАРДЫ, АЛЫМДАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕДЕ МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРДІ ТӨЛЕУ ӘРКІМНІК, БОРЫШЫ ӘРІ МІНДЕТІ ДЕП КӨРСЕТИЛГЕН. САЛЫҚ БҰЛ МЕМЛЕКЕТ БІРЖАҚТЫ ТАРГІППЕН ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ БЕЛГІЛЕГЕН, БЕЛГІЛІ БІР МӨЛШЕРДЕ ЖҮРГІЗЕТІН, ҚАЙТАРЫМСЫ ЖӘНЕ ӨТЕУСІЗ СИПАТТА БОЛАТЫН БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТИН МІНДЕТТІ АҚШАЛАЙ ТӨЛЕМ. АЛАЙДА, БҰЛ МІНДЕТКЕ БЕЙҚАМАДЫҚ ТАНЫТЫП, ИС СОТҚА ДЕЙІН ЖЕТЕТИН КЕЗДЕР ЖИЕ КЕЗДЕСЕДІ.



Ата Заңымызда заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнік, борышы әрі міндетті деп көрсетілген. Салық бұл мемлекет біржакты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсы және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлем. Алайда, бұл міндетке бейқамадық танытып, іс сотқа дейін жететін кездер жиे кездеседі.



ТАРАТУ

3. «Айнур-GROUP» ЖШС, БСН 160240025856, өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуек хан кешесі, 6, индекс 161200. Тел.: 87758134519.

4. «Филиал «Ломбард Евролит» ЖШС, БСН 200640027718, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Академик Павлов кешесі, 93/19 үй, пәтер (кене) 19. Тел.: 87025195858.

5. «ШЫҢ-БИК СТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үй-ымы, БСН 191140025573, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шагымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қ., Достық ш/а, Алғыс кешесі, 11 үй, индекс 160000. Тел.: 87754744416.

6. «Тауқөл» сервистік дайындау орталығы» ЖШС, БСН 181240007973, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Академик Павлов кешесі, 93/19 үй, пәтер (кене) 19. Тел.: 87789462120.

7. «22 Bereke» ЖШС, БСН 230840002884 (ҚР, Астана қаласы, «Ақ-Бұлак-2» тұрғын үй алабы, Амман кешесі, 8 ғимарат, индекс 010000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Аксу ауданы, Жансуғор ауылы, Н.Есеболатов кешесі, 72 үй.

8. «Дарағоз и Ерасыл» ЖШС (БСН 180340021345) өзінің еркіті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Амман кешесі, 8 ғимарат, «Милано» БО, 5 қабат, кене 504. Тел.: 87478852926.

9. «Дарағоз и Ерасыл» ЖШС (БСН 180340021345) өзінің еркіті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Ақтау ауданы, Жамбыл қаласы, 4 ықшамаудан, 17 үй, 76 пәтер.

10. «Мекон» пәтер иелері кооперативи, БСН 010240015928, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Привокзальная кешесі, 10 үй.

13. «ЖӘКЕ-АГРО» ЖШС (БСН 220440005684) өзінің еркіті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан обл., Бейдібек ауданы, Боралдай а/о, Боралдай ауылы, Д.Батыраев кешесі, ғимарат 74.

14. «Asia QazStroy» ЖШС, БСН 210540029118, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Қекшетау қаласы, «Жайлай-2» ықшамауданы, 23 үй, п.и. 020000. Тел.: 87719750400.

15. «СТ-Авто» ЖШС, БСН 210440029510, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Бауыржан Момышұлы кешесі, 8A үй. Тел.: 8777999010.

16. «Шым техэлектро» ЖШС, БСН 071140001721 (Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тарас Шевченко кешесі, 4/1 ғимарат, н.п.13), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Д.Қонаев кешесі, 29/1 үй, 10 қабат, кене 1. Тел.: 87017724752.

17. «Жылдың-Аққайын» өндірістік кооперативи, БСН 020140006828, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылдың ауданы, Құлсары кенті, Үйтас кешесі, 223 үй. Тел.: 87017271888.

20. «АЛТЫН АЛМА 2020» ЖШС, БСН 100940016673, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола қаласы, Ерейментау қаласы, Шоқан Ұәлиханов кешесі, 39 үй. Тел.: 87023828888.

21. «Стандарт Экология - Казахстан» ЖШС, БСН 130840003564, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола қаласы, 050000, Гоголь кешесі, 140/92 үй, 30 кене. Телефон 87075830207.

Астанада «Bilim-orkenieti» үлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Жаңа Қазақстан» республикалық қоғамдық бірлестігінің үйімдестіруымен Мемлекеттік басшысының жолдаудағы тапсырмаларын жүзеге асыру, өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің дамуына үлес қосып жүрген елжанды азаматтарды қоғамда кеңінен насиҳаттау, өскелен үрпаққа үлгі ету мақсатында «Жаңа Қазақстанның ЖЫЛ АДАМЫ» атты республикалық байқауытті.

Байқауда Жәнібек аудандық полиция бөлімінің участекілік полиция инспекторы, полиция майоры Болатбек Оразғалиев пен Бекей ордасты аудандық полиция бөлімінің участекілік полиция инспекторы, полиция майоры Асылан Сансызаев заң саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызыметті үшін женімпаз атапы, «Жаңа Қазақстанның ЖЫЛ АДАМЫ» орденімен, I дәрежелі дипломмен марафатталып, арналы статуэтканы иеленді.

Мендігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей
бөлімінің менгерушісі

22. «AJA Partnership» ЖШС, БСН 170940036086, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Әбдіразақов кешесі, 6 үй. Тел.: 87789462120.

23. «JIT-Project» ЖШС, БСН 170240024027, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Самал-2» шағынауданы, Бекмурат батыр кешесі, 1537 үй. Тел.: 87085846241.

27. «Сиб АгроИнвест» ЖШС, БСН 190940006147, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Степан қаласы, «Береке» ықшамауданы, 52 үй, 81 пәтер.

28. «Куаныш-Дәүлет» АӘК (БСН 161140012665) өзінің таратылған туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылы, Жиенбаев кешесі, 6 үй, телефон: 87756957268.

29. «Өрлеу Сарқан» ҚҚ (БСН 120640011398) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Вихрев кешесі, 52 үй, 81 пәтер.

30. «Арыс СтройСервис» ЖШС БСН (200840006930), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Қарасу кешесі, 32 үй, Тел.: +77071308999.

31. «Балқы» ЖШС, БСН 230740018590, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ақсұт ауылы, Мұратбаев кешесі, 17 үй, Тел.: +77083657043.

34. «Сеть Туралтест Чемодан №12» ЖШС, БСН 191240000145, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 130 үй, 13 пәтер, пошта индексі 060000, Тел.: 87020666617.

35. «Ерлан-Мади» өндірістік кооперативи, БСН 220140027713, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Сарқан қаласы, Вихрев кешесі, 49 үй, Тел.: 87713748836.

36. «Артс Сервис» ЖШС БСН (200840006930), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атбасар облысы, Атбасар қаласы, Бауыржан Момышұлы кешесі, 54 үй, н.п. 9.

39. «Turan – El Tiregi» қоғамдық бірлестігі, БСН 190340015035, өзінің еркіті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қызылорда облысы, Қосын ауданы, Қосын қаласы, Ресpublika кешесі, 124 үй, пошта индексі 160300.

40. «EXECUTIVE QAZAQ» ЖШС, БСН 181040024679, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Қосын қаласы, Ресpublika кешесі, 3.

42. «Азаматтық қоғамдық дамыту ғылыми-құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі, БСН 171140039361, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шагымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ресpublika кешесі, 34а, 711 кене, тел.: +77012222357.

37. Астана қаласы әкімдігінің «Міржақып Әулаштурылған ауданарапалық экономикалық сотынын» 2023 жылғы 15 желтоқсандағы №1046 «Мемлекеттік меншіктің кейір мәселелер туралы» Қауылсызын негізінде Астана қаласы әкімдігінің «Міржақып Әулаштурылған ауданарапалық экономикалық сотынын» жауапкершілігінде 2023 жылғы 15 желтоқсандағы №107-2742 Қауылсызын негізінде Астана қаласы әкімдігінің «Міржақып Әулаштурылған ауданарапалық экономикалық сотынын» жауапкершілігінде 2023 жылғы 15 желтоқсандағы №107-2742 Қауылсызын негізінде Астана қаласы әкімдігінің «Міржақып Әулаштурылған ауданарапалық экономикалық сотынын» жауапкершілігінде 2023 жылғы 15 желтоқсандағы №107-2742 Қауылсызын негізінде Астана қаласы әкімдігінің «Міржақып Әулаштурылған ауданарапалық экономикалық сотынын» жауапкершілігінде 2023 жылғы 15 желтоқсандағы №107-2742 Қауылсызын негізінде Астана қаласы әкімд

